

Қауымдық сервитут белгілеу туралы

Түркістан облысы Мақтаарал ауданы әкімдігінің 2023 жылғы 13 қазандағы № 569 қаулысы

Қазақстан Республикасының Жер Кодексінің 17, 69 баптарына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 31, 37 бабына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті шекара қызметінің Түркістан облысы бойынша департаментінің хатын қарап, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті шекара қызметінің Түркістан облысы бойынша департаментіне, талшық-оптикалық байланыс желілерін жүргізу үшін, Мақтаарал ауданы аумағынан 11,06 гектар жерлердің меншік иелері мен жер пайдаланушылардан алып қоймастан жер учаскелеріне 49 (қырық тоғыз) жыл мерзімге қауымдық сервитут белгіленсін.

2. "Мақтаарал ауданының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыны Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялауға жіберуді;

2) осы қаулыны оны ресми жариялағаннан кейін Мақтаарал ауданы әкімдігінің интернет – ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Н.Саттаровқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімінің м.а

Б.Туребеков